

25 ақпан 2025



«Эйр Астана» компаниялар тобының акционерлік қоғамы

(«Эйр Астана тобы» немесе «Топ»)

2024 жылдың мен төртінші тоқсан және толық 2024 жыл нәтижелерін жариялау туралы хабарлама

Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпания «Эйр Астана» тобы 2024 жылдың төртінші тоқсан және 31 желтоқсанда аяқталған толық 2024 жыл нәтижелерін жұма, 2025 жылдың 14 наурызында жариялайды.

Басшылық нәтижелер жарияланған күні, Астана уақыты бойынша сағат 14:30-да тікелей эфир (вебкаст) және сұрақ-жауап сессиясын өткізеді.

Қоңырауға келесі сілтеме арқылы қосылуға болады:

Ағылшын тілінде: [Air Astana FY 2024 Webcast](#)

Қазақ тілінде: [Air Astana FY 2024 Webcast](#)

Орыс тілінде: [Air Astana FY 2024 Webcast](#)

«Эйр Астана» Тобы

Ирина Мартинез (Инвесторлармен байланыс қызметінің басшысы)

investor.relations@airastana.com

Vigo Consulting («Эйр Астана» Тобының инвесторлармен байланыс және PR жөніндегі халықаралық кеңесшісі)

Tim McCall

airastana@vigoconsulting.com

+44 20 7390 0230

«Эйр Астана» тобы туралы

«Эйр Астана» Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы болып табылады. Топ 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 59 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Топ Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екі рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» марапатын сегізінші рет иемденіп отыр. FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ АРЕР (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).